

# Дәріс 8. Стансадағы маневрлік жұмыс және пойыздардың құралу және жөнелтілу тәртібі

**Мазмұны:** маневрлер өндірісі. Пойыздардың құралуы. Пойызда тежеуді қосу тәртібі. Пойыздарға қызмет көрсету. Локомотивті пойызға қою. Маневрлеу кезіндегі белгі берулер.

**Маневрлік** деп вагондарды локомотивтерімен қоса жылжытумен, сондай-ақ жалғыз локомотивтерді станция жолдары бойынша құрамдарды қайта құрау мен шашу, пойыздар мен вагондарды өңдеумен, жүктерді түсіру мен тиеу орныдарына вагондарды берумен, құрамға пойыздық локомотивтерді берумен және депоға құрамнан жинаумен байланысты жұмыс аталады.





## *Маневрлік жұмысты ұйымдастыру*

Маневрлік жұмыс пойыздардың өз уақытында құрау мен жөнелтуді қарастыратын жоспар бойынша;  
жүк операцияларына вагондарды өз уақытында беру және жүк операциялары біткеннен кейін оларды жинауға беру;  
вагондарды қайта өңдеуге аз уақыт жіберу;  
барлық маневрлік құралдар мен техникалық құрылғыларды рационалды қолдану;  
станцияға үздіксіз пойыздарды қабылдау;  
қозғалыс қауіпсіздігі, маневрмен байланысты жұмысшылардың қауіпсіздігі және жылжымалы құрамның сақталуы бойынша және станция жұмысының технологиялық үрдісіне сәйкес жүргізілуі тиіс.

## **ТПЕ талаптары**

*Станция жолындағы маневрлар бір жұмысшының нұсқауы бойынша жүргізіледі – станция бойынша кезекші, маневрлік диспетчер, сұрыптау тауы немесе паркі бойынша кезекші, ал диспетчерлік орталықтандыруы бар жол телімдерінде – пойыз диспетчері. Маневрларды орныдау бойынша міндеттерді бөлу станцияның техникалық-тарату актісінде көрсетіледі. ( ТПЕ 15.13-п.).*

## *Маневр кезіндегі жылдамдықтар*

Маневрлар келесі жылдамдықтан артық емес (ТПЕ 15.15-п.):

- 60 км/сағ- жалғыз локомотив пен қосылған автотіркегіштері бар вагондарымен локомотивтер бос жолдар бойынша жүру кезінде;
- 40 км/сағ- бос жолдар бойынша артына тіркелген вагондары бар локомотив қозғалысы кезінде;
  - 25 км/сағ- бос жолдар бойынша вагондардың алдыға жылжуы кезінде, сондай-ақ қайта қалпына келтіру және өрт пойыздары кезінде;
- 15 км/сағ- адамдары толған вагондармен қозғалысы кезінде, сонымен қатар 4-, 5- және 6-дәрежелі бүйірлік және төменгі габаритсіздіктің габаритті емес жүктерімен қозғалысы кезінде;
  - 5 км/сағ- маневрлік итеру кезінде;
  - 3 км/сағ- вагондарға локомотив (вагондармен немесе

## Таудан жіберу және итерумен маневр жүргізуге рұқсат етілмейді:

жүктерді жөнелтуші адамдары бар вагондар, жолсеріктері бар вагондардан басқасы;

- темір жолдар бойынша жүктерді тасымалдау Ережелерінде және темір жолдар бойынша қауіпті жүктерді тасымалдау Ережелерінде аталған жеке категориялы жүктері бар вагондар;

- 4-, 5- және 6-дәрежелі бүйірлік және төменгі габаритсіздіктің жүктелген жүктері бар және 3-дәрежелі жоғары габаритсіздігі бар жүктері бар платформалар және жартылай вагондар, жүктелген транспортерлер;

- Жұмыс істемей тұрған локомотивтер, моторвагонды жылжымалы құрам, рефрижераторлы пойыздардың құрамдары, жолаушы вагондары, теміржол жүрісіндегі крандар;

- «Таудан түсірмеңіз» трафареті бар арнайы жылжымалы құрам мен вагондар.



## **Локомотив бригадасының міндеттері**

Маневр кезіндегі локомотив бригадасы міндетті  
(ТПЕ 15.24-п.)

Маневрлік жұмысқа тапсырмаларды нақты және өз  
уақытында орындау;

Берілетін дабылға мұқият болу, дабылдар мен  
қозғалыстар туралы нұсқауларды нақты және өз  
уақытында орындау;

Жолда жүрген адамдарға, бағыттардың  
орналасуына және жылжымалы құрамның  
орналасуына мұқият болу;

Маневр жұмысының қауіпсіздігін және  
жылжымалы құрамның сақталуын қамтамасыз ету.

# Маневр басшысының міндеттері

Маневр басшысының міндеті:

Маневрлік жұмысқа тапсырмаларды нақты және өз уақытында орындау;

Дұрыс орналасуын қамтамасыз ету және алдында келе жатқан маневрлік жұмыстарды орындау тәсілдері мен оларды жоспармен таныстыру негізінде маневр жұмысына қатысатын барлық жұмысшылардың істерінің келісушілігі;

ЖҚМ нұсқаулары мен нұсқаулықтарына сәйкес келетін қазіргі Ережелердің талаптарына дәлірек сәйкестігінде пойыздарды құрау;

Маневрлік жұмысты қозғалыс қауіпсіздігін, маневрде жүрген жұмысшылардың жеке қауіпсіздігін, жылжымалы құрам мен жүктің сақталуын қамтамасыз ететіндей етіп ұйымдастыру қажет.



